

"Көмек ата" бөбекжай-балабақшасы» ЖШС

**Меңгеруші жанындағы кеңес
2021-2022 оқу жылының**

ХАТТАМА №01

07.09.2021ж

Жүзімдік ауылы

Қатысқандар: -6

Күн тәртібінде:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексерудің қорытындысы)
2. Педагогикалық кадрларды орналастыру
3. Топтардың санитарлық жай күйі
4. Жас мамандарға тәлімгер тағайындау.
5. Балалардың даму деңгейі бастапқы мониторинг

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі:Б.Байсова барлық топтардың оқу жылына дайындығын тексеріп шықты.Ересек «Жұлдыз» тобы тәрбиешісі: Х.Абдикаликова әр топта көрнекі құралдар бала санына сай түгелденген. Топта ата- аналар бұрышы, табиғат бұрышы бар екенін атап өтті.

Кемшілігі: Қимылды ойын атрибуттары аз, Көрнекіліктер жаңартылуы тиіс.Табиғат бұрышы тсс жеткілікті дәрежеде әсемделуі тиіс. Осындай кемшіліктер айтылып өтті.Ортаңғы «Айгөлек»тобы тәрбиешісі А.Суттибаева Ойыншықтар жеткілікті. Топта ата – аналар бұрышы, табиғат бұрышы бар.Балаларға сабақ барысында қолданылатын үлестірмелі көрнекіліктер түрлі материалдар бар.

Кемшілігі: топта бала сабақты жете түсінуі үшін үлестірмелі көрнекіліктер жаңартылу керектігін айтып өтті.

«Балауса» тобы тәрбиешісі У.Мирзабасиева Топта ойыншықтар толық жеткілікті. Топ зоналарға бөлінген.көрнекі құралдар мен үлестірмелі материалдар білім салаларына сай дайындалған.

Кемшілігі: Бала жасына сай сабақ барысында қолданылатын көрнекілігі аз. Дидактикалық ойындары жаңартылмаған.

Осы кемшіліктерді саралай келе Меңгеруші тәрбиешілерге бір ай мерзімінде орындауды,толықтыруды тапсырды.Тәрбиешілер толық келісті.

2.Тыңдалды: балабақша меңгерушісі: Б.Байсова тәрбиешілерді жасына сай топтарға бөліп орналастырды. Ересек «Жұлдыз» топ тәрбиешісі:Х.Абдикаликова, Ортаңғы «Айгөлек» топ тәрбиешісі:А.Суттибаева, кіші «Балауса» топ тәрбиешісі:У.Мирзабасиева Ерте жас «Балапан»тобының тәрбиешісі:Ж.Айдаркулова болып орналастырылды.

3.Тыңдалды: Балабақшада үш топ бар осы үш топтың барлығында санитарлық талаптар сақталған. Әр топта қол жууға сұйық сабын, маска, антисептик т.б. заттар жеткілікті. Әр баланың жеке – жеке таза майлықтары бар. Сонымен қатар бір реттік майлықтарда қарастырылған. Медбике санитарлық талаптардың қатаң орындалуын қадағалап отыратындығын айтып өтті.

4.Тыңдалды: жас мамандарға тәлімгер бекіту туралы меңгеруші айтып өтті.

Балабақшадағы жас мамандар:Х.Абдикаликова

Жас мамандарға тәлімгер етіп Х.Абдикаликова бекітіледі.

Жас мамандар келісім берді.

5.Тыңдалды: Әдіскер Б.Байсова тәрбиешілерден балалардың дамуы деңгейі жайлы сұрады. Тәрбиешілер балаларды білім игеру деңгейі бойынша бағлап қорытынды жасады. Сондай ақ даму деңгейі пәс балаларға білім деңгейін теңестіру мақсатында ерекше көңіл бөліп жатқандығын айтып өтті. Бала тиісті білім алу үшін әдістемеге сай көрнекіліктермен ,ойын түрінде сабақ өткізілсе баланың ойлау қабілеті мен есте сақтау қабілеті тез дамитынын айтып өтті.

Шешім:

1. «Топ бөлмелерінің дизайындық безендірілуі» шолу тексеру нәтижесі бойынша анықталған кемшіліктер жойылсын. Мерзімі 16.10.2021ж дейін.
2. Педагог қызметкерлер өз деңгейінде жұмыс атқарсын.
3. Балабақшада санитарлық талаптар қатаң сақталсын.
4. Жас мамандарға жыл бойы жұмыс барысында әдістемелік көмек көрсетілсін.
5. Баланың білім алу сапасы жақсартылсын.Білім беруде кемшіліктер жойылсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



ХАТТАМА №02

03.11.2021ж

Жүзіндік ауылы

Қатысқандар: -6

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімін талқылау
2. «Алтын күз» ертеңгілігінің сценаріі бекітілсін.
3. «Ай сайынғы балалардың балабақшаға қатысуы мен денсаулық сараптамасы» салыстырудың қорытындысы
4. Президент күні және тәуелсіздік күні, жаңа жыл бағдарламасын бекіту.

1.Тыңдалды: балабақша әдіскері;Б.Байсова меңгеруші жанындағы кеңеске қатысушылармен өткен кеңестегі мәселелерді талқылап, қорытындылады. Өткен кеңестің шешімі бойынша Барлық топтарда карантин талабына сай жұмыс жүргізіліп жатқаны және тазалау құралдарының жеткілікті екені айтылды. Сонымен қатар тіл апталығына орай өткізілген «Тілім менің тірегім» атты өткен ертеңгіліктің жақсы және кемшілік тұстары талқыланып келесіде кемшіліктің орны толықтыратынын тәрбиешілер айтты. Сондай ақ тіл апталығында бала өміріне қауіп төнбегендігін айтты. Апталықты өткізудегі мақсат өскелең ұрпақ санасына ана тілін игеруді, құрметтеуді санасына сіңіру болатын.

2.Тыңдалды: Әдіскер мен тәрбиешілер болып алдағы өтілетін мерекелі ертеңгіліктердің сценариілары тексеріліп өтілетін мерзімдері бекітілді. «Алтын күз» мерекесі осы айдың 29-ы күні өткізілуін тапсырды. Сонымен қатар, Президент күні және тәуелсіздік күні мерекесі жаңа жыл мерекесінің де сценаріі бекітіліп күні анықталды. Әдіскер А.Қысабекова барлық мерекелерге жоғары деңгейде дайындалып өткізу керектігін тапсырды. Тәрбиешілер келісті.

3.Тыңдалды: балалар ай сайын балабақшаға қалмай келіп жатқанын барлығының денсаулық паспорты түгел екендігі балалардың ойын бөлмесінде, жатын бөлмесінде тазалық шаралары сақталған. Балалар ас ішкенде басқа жағдайларда да

қолдарын жуып таза ұстайтынын балалардың денсаулығымен тазалығын қадағалап отырғанын медбике айтып өтті. Алайды бастапқы айға қарағанда балалардың көбі ауырып қалып жатқандығы емделіп келіп жатқандығы айтылды.

4.Тындалды:Әдіскер тәрбиешілерге президент күні мен жаңа жыл бағдарламасын анықтап сценариін бекітті. «Президент күні» 02 желтоқсанда ал, тәуелсіздік мерекесі 15 желтоқсанда өткізілетін болып шешілді. Содан соң жаңа жылдық кешімізді 28 желтоқсанда өткізетіндігі айтылды. Барлық Тәрбиешілер келісті.

Шешім:

1.Балалардың денсаулығын қадағалау және шектеу шаралары қатаң қадағалансын. Сақтық шаралары жүзеге асырылсын.

2.Мерекелі ертеңгіліктердің сценариы бекітіліп, өздеңгейінде өтуін қадағалау топ тәрбиешісіне қалдырылсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



ХАТТАМА № 03

03.12.2021ж

Жүзіндік ауылы

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімін талқылау
2. «Күннің I-жартысындағы күн тәртібін ұйымдастыру» жедел бақылау
3. Мониторинг.
4. Ересек топта қоршаған ортамен танысуда зерттеу. (Салыстырмалы бақылау)

Тыңдалды: 1. Балабақша әдіскері Б.Байсова меңгеруші жанындағы кеңеске қатысушылармен өткен кеңестегі мәселелерді талқылап, қорытындылады. Өткен кеңестің шешімі бойынша Барлық топтарда карантин талабына сай жұмыс жүргізіліп жатқаны және тазалау құралдарының жеткілікті екені айтылды. Сондай ақ өткен айда ортаңғы «Айгөлек» тобында және ересек «Жұлдыз» тобында өткізілген «Алтын күз» ертеңгілігі талқыланды. Ертеңгілік жақсы деңгейде өткізілді. Ертеңгілік барысында ешқандай бала өміріне қауіп төнетін жағдай болмағандығы сөз етілді. Ертеңгілікте жіберілген кемшіліктерде айтылды. Баланың ойдағыдай киінуі қадағалануы тиіс еді. Алайда тәрбиеші апайлар келесіде бұндай кемшілік болмайтынын айтып өтті.

2. Тыңдалды: Әдіскер: Б.Байсова «Көмек ата» ЖШС балабақашсында балалардың күнделікті қалмай келуіне жағдай жасалғанын айтып өтті. Балалар таң ертең бақашаға келегінде медбикенің бақылауынан өтетіндігін сонымен қатар топ тәрбиешілері таң ертегі жаттығу жасатып күннің сәтті өтуіне жағдай жасайды. Ән ұран айтады. Балалар сапалы таңғы ас ішеді. Сабақ кестесіне сәйкес жас ерекшелігіне қарай сабақ өтіледі. Балалар ойын ойнайды, түскі ас ішіп ұйқыға жатады.

3. Талқыланды: әдіскер Б.Байсова тәрбиешілерден балалардың білім деңгейі жайлы сұрады. Тәрбиешілер өз тобындағы балалардың білім деңгейі жайлы баяндады. Топта тез уйреніп тез есте сақтап алатын балалар бар екендігін айтып өтті сонымен қатар даму деңгейі орташа баяу балалармен өзінің икемділігі қабілетіне қарай жұмыс жүргізе отырып ойлау қабілеті мен есте сақтау қабілетін арттыратынын тәрбиешілер айтты.

4.Тындалды: ересек топ тәрбиешісі Абдикаликова Халия балаларды қоршаған ортамен таныстыруда табиғаттағы әрбір жаратылысқа зерттеу жүргізгендігін айтты. Ағаштың жапырақтарына, гүлдерге, сумен ауаға, аспанмен күнге зерттеу жүргізу арқылы баланың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, қоршаған ортаны ластамау қажеттігін үйреттік. Балаға экологиялық тәрбие беру барысында біз баланы адамгершілікке, сыпайылыққа сонымен қатар мәдениеттілікке баулыдық.

Шешім:

- 1.Балалардың денсаулығын қадағалау және шектеу шаралары қатаң қадағалансын. Сақтық шаралары жүзеге асырылсын.
2. Балалардың күннің бірінші жартысындағы күн тәртібі өз деңгейінде өткізілісін. Балалардың аурып қалмауы мен сапалы тамақтануын қадағалау мейірбикеге тапсырылсын.
3. Балаларды табиғатқа саяхат жасатуда сақтық шаралары қолға алынсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Б.Байсова

Х.Абдикаликова

ХАТТАМА № 04

02.02.2022ж

Жзімдік ауылы

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімін талқылау
2. Шығармашылық жобалардың өтілу барысы» тақырыпты тексеруді қорытындылау.
3. Мерекелердің өткізілуін талдау. Наурыз ертеңгіліктерінің іс-шарасын бекіту.
4. Қабылдау кезінде тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас. (Тақырыптық бақылау)

1.Тыңдалды: 1.балабақша меңгерушісі Б.Байсова меңгеруші жанындағы кеңеске қатысушылармен өткен кеңестегі мәселелерді талқылап, қорытындылады. Өткен кеңестің шешімі бойынша Барлық топтарда карантин талабына сай жұмыс жүргізіліп жатқаны және тазалау құралдарының жеткілікті екені айтылды. Сондай ақ өткен айда ортаңғы «Айгөлек» тобында және ересек «Жұлдыз» «Балауса» тобында өткізілген «Алтын күз» ертеңгілігі талқыланды. Ертеңгілік жақсы деңгейде өткізілді. Ертеңгілік барысында ешқандай бала өміріне қауіп төнетін жағдай болмағандығы сөз етілді. Ертеңгілікте жіберілген кемшіліктерде айтылды. Баланың ойдағыдай киінуі қадағалануы тиіс еді. Алайда тәрбиеші апайлар келесіде бұндай кемшілік болмайтынын айтып өтті.

2.Тыңдалды: «Балауса» тобының тәрбиешісі: У.Мирзабасиева ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дағдыларын арттыру тақырыбында шығармашылығын дамыту үстінде балаларға ертегілерді сахналап беру,айтып беру арқылы баланың танымын ашады. Ертегіні көрген баланың айтылым,тыңдалым, сөйлеу дағдысы арта түсетінін тәрбиеші атап айтып өтті.

3. Тыңдалды: балабақшамызда аналар мерекесіне орай өткізілген «Ана-өмір шырағы» атты іс шарамызды өткізуге балабақшамыздың тәрбиешілері бар ынтасымен атсалысқандарын айтып өтті. Әдіскер Б.Байсова мерекелі ертеңгіліктің жақсы деңгейде өткені жайлы сонымен қатар аздаған кемшіліктердің де болғанын

айтып өтті. Тәрбиешілер кемшіліктерді жоятынын айтты. Ендігі кезекте «Өз наурыз мерекесіне» қызу дайындықтың жүріп жатқандығы және ертеңгілікте балалардың қауіпсіздігін сақтау есепке алынып жатқандығын айтты. Әдіскер Р.Бекмирзаева Ертеңгіліктің бағдарламасымен танысып шықты.өзгерістер енгізу қажеттігін айтты.

4.Тындалды: балабақша әдіскері Б.Байсова тәрбиешілерге ата-анамен дөрекілік танытпай сыпайы қарым қатнас жасау керектігін түсіндіріп өтті. Әсіресе жас мамандарға ата-аналармен мәмәлемізді дұрыс қалыптастыру керектігін айтты. Ата-анамен жақсы қарым –қатынастың ең тиімді жолы бірлесе отырып жасаған жұмыстар екенін түсіндіріп өтті. Осыған орай әр топтың ата-аналрымен «Қол өнер» сайысын ұйымдастыруды жоспарладық.Тәрбиешілер ата-анаға құрметпен қарайтынын айтып жеткізді. Ортаңғы топ тәрбиешісі А.Суттибаева балалардың ойлау қабілетін ойын арқылы дамыту тақырыбында шығармашылығын дамыту үстінде, тәрбиеші балаларды дидактикалық ойындар, рөлдік ойындар, сонымен қатар еркін ойындар арқылы баланың ойлау қабілеті,есте сақтау қабілеті арта түсетіндігін айтты. Ересек топта жүргізіліп жатқан шығармашылық жұмыстың барысы:

Шешім:

1. Балалардың денсаулығы мен сапалы тамақтануы қадағалансын.
2. Мерекелі ертеңгіліктер өз деңгейінде өткізілсін.
3. Тәрбиешілер ата-анамен сыпайы қарым-қатынаста болуы қадағалансын.

Кеңес төрәйімі:

Хатшы:


Б.Байсова
Х.Абдикаликова

ХАТТАМА № 05

04.04.2022ж

Жүзіндік ауылы

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімін талқылау
2. Өткізілген мерекелерді талдау. Мамыр мерекелерінің іс- шараларын бекіту
3. МДҰ балалардың жолда жүру ережесі туралы білімін қалыптастыруға арналған педагогтардың жұмысы.
4. Мектепке баратын балалардың бағдарламаны игеру деңгейі. (Фронталді бақылау)

1. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Б.Байсова және кеңеске қатысушылар өткен кеңестің нәтижесін талқылады. Наурыз мерекелері жақсы деңгейде өткізілгендігі сондай ақ, ата-анамен қарым қатынас жақсы жаққа өзгеріс тапқандығы айтылды. Әр тәрбиеші өз тақырыбы бойынша шығармашылық жұмыстарын әрі қарай дамытып жатқандығын айтты.

2. Тыңдалды: балабақша әдіскері наурыздағы мерекелі ертеңгіліктерде азды – көпті жіберілген қателіктерді алға тарта отырып келесі мамыр айында өткізілетін мерекелі іс-шаралардың жоғары деңгейде өткізуді тапсырды. Тәрбиешілер келісті. Ертеңгіліктердің бағдарламасын алдын ала дайындап тексеруді тапсырды.

3. Талқыланды: Әдіскер Б.Байсова тәрбиешілерден Балалардың жол ережесі туралы білім деңгейін сұрады. Тәрбиешілер балаларға жол ережесі туралы көрнекіліктер және рөлдік ойындар арқылы білім игерткені жөнінде айтты. Балабақшада көрнекіліктердің бірі ретінде бағдарламаның макеті жасалған. Жол ережесі жөнінде ҰОҚ де өткізілгенін айтты.

4. Тыңдалды: ересек топ тәрбиешісі бес жасқа толған балаларға бір жолы бойы мектепке дейінгі білімді жақсы деңгейде игерткенін бес білім саласы бойынша сабақтарды ойындар арқылы үйрете отырып, іс шараларға белсенді

қатысыра отырып өмірге деген көз қарасын кеңейткендігін айтты. Бір жыл бойы балалардың ата-анасымен тығыз қарым –қатынас жасай отырып баланы жан-жақты тәрбиелеуге қосқан үлесін де еркеше айтып өтті. Балабақша әдіскері Бекмирзаева Р. бір жылдық оқу барысында ересек топ тәрбиешісінің атқарған жұмыстарын бақылап тәрбиешісі алғыс білдірді.

Шешім:

1. Балалардың денсаулығын қадағалау және шектеу шаралары қатаң қадағалансын. Сақтық шаралары жүзеге асырылсын.
2. Балалардың күннің бірінші жартысындағы күн тәртібі өз деңгейінде өткізілісін. Балалардың аурып қалмауы мен сапалы тамақтану қадағалансын. Мейірбикеге тапсырылсын.

Кеңес төрәйімі:

Хатшы:



ХАТТАМА № 06

04.07.2022ж

Жүзімдік ауылы

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы
2. Жаңа оқу жылына дайындық
3. «Жазғы сауықтыру шараларының жүргізілуі» шолу тексерілуінің қорытындысы.
4. №1 Педкеңеске дайындық

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Б.Байсова және медбике У.Таңатарова өткен кеңестің шешімінің орындалуына есеп айтты. Балалардың балабақшаға келгеннен үйіне қайтқанға дейінгі қауіпсіздігі және олардың денсаулығы, жіті қадағаланды. Балалар сапалы тамақтандырылды. Тамақтанар алдында міндетті тазалық шараларын күнделікті жүргізілді. Балардың тазалығын медбике күнделікті бақылауда ұстады. Балалар күннің бірінші жартысындағы күн тәртібі бойынша қатаң жұмыстар жүргізілді. Әдіскер тарапынан жіті қадағаланды.

2.Сөз сөйледі: Балабақша меңгерушісі Б.Байсова 2022-2023 оқу жылына дайындығы жөнінде сөз қозғады. Жаңа оқу жылында жылдық жоспар бойынша балалардың ой-өрісінің дамуына үлес қосатын, олардың достыққа, шыншылдыққа, адалдыққа тәрбиелей білетін сонымен қатар баланың денсаулығы мықты қалыптасып, бұлшық еттерін дамытатын спорттық іс-шаралар, ата-анамен қарым-қатынасты нығайтатын іс-шаралар, тренингтер, жиналыстар түрлі сұрақ –жауаптар арқылы байланыс жасау, Жеке баланың қабілетін аша білетін ойын түріндегі сабақтар мен мерекелік бағдарламалар т.б. құрылатындығы айтылды. Тәрбиешілер келісті.

3.Сөз сөйледі: меңгеруші Б.Байсова жаз мезгілінде балабақшада өткізілетін іс-шаралар жоспарымен таныстырды. Ең алдымен бірінші маусым балалар күні әдемілеп іс-шара ұйымдастыру керектігін, ол жерде балаларға мерекелік көңіл күй силау керектігін айтып өтті. Сонымен қатар балалардың өмір қауіпсіздігі мен

4. Сөз сөйледі: балабақша меңгерушісі Б.Байсова №1 педагогикалық кеңеске жіті дайындалып жаңа оқу жылына жақындаған уақытта педагогикалық кеңеске дайындалып жтақандығын, барлық өзгерістермен жаңалықтар бойынша түсіндіру жұмыстары өткізілетінін хабардар етті.

1. Жаңа оқу жылына дайындық уақытында жасалсын.
2. Жазғы сауықтыру кезінде балалардың сапалы тамақтануы және жазғы іс-шаралар өз деңгейінде өткізілуі қадағалансын.
3. № 1 педагогикалық кеңес өткізіліп қызметкерлерге жаңа оқу жылына жүргізілетін барша жұмыстармен таныстырылсын.

Б.Байсова
Х.Абдикаликова